

Қалалық бюджеттің қаражаттары және басқа да күздерден қаржыландыру және жеңілдікті несие қаржысын беру үшін ұсынылатын, Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басым жобаларын анықтау жүніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің шешімі 1997 жылғы 7 қазандағы N 569. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 22 қаңтарда N 6 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 10 шілдедегі N 662 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 10.07.1998 N 662 шешімімен.

Қаладағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық өсуін ынталандыру, шағын бизнесті қолдауға, арналып бөлінетін қаражатты пайдаланудың тиімділігін көтеру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" № 3398 Жарлығын орындыу үшін Алматы қаласының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қалалық бюджеттің қаражаттарынан, шағын кәсіпкерлікті қолдауға, дамытуға жұмсалатын басқа да көздерден қаржыландыру, жеңілдікті несие қаржысын беру үшін ұсынылатын, Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басым жобаларын анықтау жөніндегі комиссия № 1 Қосымшаға с ә й к е с к ү р ы л с ы н .

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қалалық бюджеттің қаражаттарынан, осы мақсатқа арналған басқа да көздерден қаржыландырудың, несие берудің тәртібі туралы Ереже № 2 Қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Комиссияның жұмыс органы болып Шағын бизнес департаменті б е л г і л е н с і н .

4. Шағын бизнес департаменті (Г.А.Алпысбаев):
- комиссияның мәжілістеріне материалдардың әзірленуін және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала Әкімінің орынбасары Қ.Е.Жаңбыршинге жүктелсін.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетуге және жандандыруға бағытталған қалалық бюджеттің ақша қаражаттарының және басқа да көздердің ақша қаражаттарының есебінен қаржыландырылуға және жеңілдікпен несие қаржысын беруге ұсынылатын Алматы қаласының шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басым бағыттарын анықтау жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

1. Жанбыршин Қ.Е.	- комиссия төрағасы, қала әкімінің орынбасары
2. Васильева Л.А.	- қалалық экономика комитетінің төрайымы
3. Ыскакбаев Н.Ш.	- Алматы қалалық Салық инспекциясының бастығы
4. Алпысбаев Т.А.	- Шағын бизнес департаментінің директоры
5. Орлов П.Е.	- Алмалы ауданы әкімінің бірінші орынбасары
6. Қалдыбаев К.Е.	- Әуезов ауданы әкімінің орынбасары
7. Аймағамбетов К.Т.	- Бостандық ауданы әкімінің орынбасары
8. Гриненко О.П.	- Жетісу ауданы әкімінің бірінші орынбасары
9. Солтанбаев Х.Ж.	- Түрксіб ауданы әкімінің бірінші орынбасары
10. Тайшыбеков Д.Т.	- Медеу ауданы әкімінің бірінші орынбасары

Қалалық бюджеттің ақша қаражаттарының және осы мақсатқа арналған басқа да көздердің есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың және несие қаржысың бөлудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы "Шағын кәсіпкерлікті дамытуды жандандыру және мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" № 3398 Жарлығына сәйкес әзірленді және қалалық бюджеттен, сондай-ақ осы мақсатқа сәйкес басқа да көздерден белінетін ақша қаражаттарын бөлуді ұйымдастыруды және оның

ш а р т т а р ы н

б е л г і л е й д і .

2 . О с ы Е р е ж е :

- қалалық бюджеттің ақша қаражаттарының есебінен жеңілдікпен несие қаржысын берудің тәртібін, шарттарын, мерзімдерін;

- Алматы қаласының әкімімен көлісе отырып, шағын кәсіпкерлікті қолдау және оның жұмысын жандандыруға бағытталатын басқа да көздердің есебінен жеңілдікпен несие қаржысын берудің тәртібін, шарттарын және мерзімдерін белгілейді.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несие қаржысын беру олардың меншік түрлеріне және қай салаға жататына қарамастан тендерлік негізде анықталған екінші деңгейдегі банк арқылы (әрі қарай - қаржыландырушы банк) жүзеге асырылады.

4. Қалалық бюджеттің ақша қаражаттарының есебінен жеңілдігі бар несие қаржылары өндірістік қызметпен, қала үшін әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетумен (жұмыстарды орындаумен) айналысатын, сондай-ақ жұмыссыз азаматтардың едәуір бөлігіне арналған жұмыс орындарын ашумен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беріледі.

5. Қалалық бюджеттің ақша қаражаттарынан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін жеңілдігі бар несие қаржысының проценті жылына 10 процентті құрайды, берілетін несие қаржысының мөлшері 1000 000 теңгеден аспауы, несиенің берілу мерзімі 1 (бір) жылдан аспауы тиіс.

6. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несие қаржысын бөлу, Алматы қаласы әкімінің келісімімен осы мақсатта оларды дамытуға, қолдауға және жұмысын жандандыруға бөлінетін басқа да қаржыландыру көздерінің есебінен, осы көздер үшін белгіленген сомада және шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Жеңілдігі бар несие қаржысын алу үшін үміткерлер - шағын кәсіпкерлік субъектілері Шағын бизнес департаментіне келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- белгіленген үлгідегі өтінім (№ 1 Қосымша);
- құрылтайшылық құжаттардың нотариус арқылы куәландырылған көшірмелері және шаруашылық жүргізуші субъектінің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік;
- статистикалық карточканың көшірмесі;
- штат кестесі;

- салық инспекциясының белгісі соғылған, соңғы өткен кезеңдегі баланстың көшірмесі;

- банкінің несие қаржысы бойынша мерзімі өткен төлемдердің және олар бойынша есептелген проценттердің жоқтығы туралы анықтамасы;

- жобаның техника-экономикалық негіздемесі (Бизнес-жоспар).

Жеке кәсіпкерлер (заң білімі жоқ және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар) жеңілдігі бар несие қаржысын алу үшін Шағын бизнес

департаментіне белгіленген үлгідегі өтінімді (№2 Қосымша) және жобаның техника-экономикалық негіздемесін (Визнес-жоспар) ұсынады.

8. Шағын бизнес департаменті үміткерлерден түсетін өтінімдерді және оларға қоса тіркелетін құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады және 3 (үш) күн ішінде құжаттарды тексереді, сондай-ақ жобаға алдын-ала талдау жасайды және содан соң оларды өзінің ұсыныстарымен, сын-ескертпелерімен бірге шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетуге және жандандыруға бағытталған қалалық бюджеттің және басқа да көздердің ақша қаражаттарының есебінен қаржыландыруға және жеңілдікпен несиелі қаржысын беруге ұсынылатын Алматы қаласының шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басым бағыттарын анықтау жөніндегі Комиссияның (әрі қарай - Комиссия) қарауына жолдайды.

9. Комиссия жеңілдігі бар несиелі қаржысын алуға үміткерлердің жобаларына баға берер кезде келесі өлшемдерді негізге ала отырып, 93 шешімін шығарады:

- жаңа өндірістерді, алдыңғы қатарлы технологияларды ұйымдастыру және и г е р у ;

- бәсекеге төзімді, импорт арқылы әкелінген өнімдерді ауыстыра алатын ө н і м д е р д і ө н д і р у ;

- қала үшін әлеуметтік маңызы бар қызметтер (жұмыстарды орындау) көрсету ;

- қаланың едәуір мөлшердегі жұмыссыз азаматтарын еңбекке араластыруға арналған жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру;

- мүгедектерді және еңбек ету қабілеті шектеулі адамдарды еңбекке орналастыру және ; жұмысқа тарту ;

- кооперация өнімдерін немесе қаланың ірі кәсіпорындарына арналған өнімдерді игеру және шығару ;

- және қала үшін басқа да басым қызметтердің бағыттарын игеру.

Комиссия айрықша маңызы бар және қаланың әлеуметтік - экономикалық даму бағдарламасына енетін жобалар бойынша оларды қалалық бюджеттің ақша қаражаттарының есебінен қайтарымсыз негізде қаржыландыру туралы Алматы қаласының әкіміне өтініш-хат беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

10. Комиссия Шағын бизнес департаменті ұсынған үміткерлердің құжаттарын қарайды және келесі шешімдер шығарады:

- банкіге жеңілдікпен несиелі қаржысын беруді ұсыну;

- банкіге жеңілдікті несиелі қаржысын беруге ұсыныс жасаудан бас тарту;

- жобаны толықтыруға жолдау.

Комиссия ұсынылған жобаларды бағалау бойынша әртүрлі көзқарастар болған жағдайда оларды сараптауға жіберуге құқылы.

11. Комиссия үміткерлердің жобаларын қараған соң және тиісті шешімдер шығарған соң әзірленген хаттамалармен бірге құжаттарды Шағын бизнес

департаментіне

жолдайды.

12. Шағын бизнес департаменті жеңілдікті несиелік қаржысын беру үшін, Комиссия құптаған үміткерлердің тізімдерін және жобаларды қаржыландырушы банкіге жолдайды.

13. Комиссияның қарауынан өткен жобалар бойынша жеңілдікті несиелік қаржысын алуға үміткерлердің барлық құжаттары оларға қайтарылады.

Үміткерлердің жобалары жетілдіруді қажет ететін құжаттары пысықтауға және қайта ұсынуға қайтарылады, ал Комиссия жеңілдікті несиелік қаржысын беруге ұсынудан бас тартқан жобалар бойынша құжаттар үміткерлерге қайта ұсыну құқығынсыз қайтарылады.

14. Жобалары Комиссияның іріктеуінен ойдағыдай өткен және жеңілдікті несиелік қаржысын беруге ұсынылған шағын кәсіпкерлік субъектілері қаржыландырушы банкі белгіленген заем алушылар қоятын талаптарына сәйкес, несиелік қаржысын алуға арналған барлық қажетті құжаттарды қаржыландырушы банкіге ұсынады.

15. Заем алғысы келетіндердің ұсынған құжаттары қаржыландырушы банкінің заем алушыларға қоятын талаптарына сәйкес келмеген, жалған мәліметтер анықталған, кепілдікке өткізетін мүлкі болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, беретін несиелік қаржысының қайтарылатынына кепілдік болмаған басқа да жағдайларда қаржыландырушы банк заем алғысы келетін адамға жеңілдікті несиелік қаржысын беруден бас тартуға құқылы.

16. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес заем алушыға бөлінетін жеңілдікті несиелік қаржысын тиісті мақсатқа пайдаланбағаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

Қаржыландырушы банк несиелік келісімде заем алушының тиісті талаптарды орындамауына байланысты зардаптардың жайын қарастыруға міндетті және егер заем алушы шарттың талаптарын (форс-мажорлық міндеттемелерден басқаларын) орындамаса, ұсынылған несиелік қаржысы өзінің жеңілдікті маңызын жояды және шартқа сәйкес айыппұлдық санкцияларды қосып есептей отырып, шұғыл өндіріп алуға жатады.

1
Комиссия
Алматы
әкімінің
Қ.Е.Жаңбыршин мырзаға

Қ О С Ы М Ш А
төрағасы,
қаласы
орынбасары,

- нен.

(кәсіпорынның толық аталуы)

ӨТІНІМ

(жобаның аталуы)

_____ ақша
каражаттарының есебінен _____ айлық
мерзімге (_____) проценттік үстеме
бойынша _____ (_____
_____) теңге мөлшерінде жеңілдікті несие қаржысын беру
мүмкіндігін қарау үшін қабылдауыңызды өтінеміз.

Шоба жөніндегі құжаттар қоса беріледі.

Мәлімдеуші несие жөніндегі барлық комиссиялық, сақтандыру, және басқа да
сомаларды _____ төлеуге _____ міндеттенеді.

Мәлімдеуші туралы жалпы мәліметтер:

Заңды мекенжайы _____

Телефоны/факсы _____

Банкілік мәліметтері _____

Өтініш берген күні _____ 199__ жылғы " ____ " _____

Басшы _____ (_____)

(қ о л ы) (т . е . э . е .)

Бас бухгалтер _____ (_____)

(қ о л ы) (т . е . э . е .)

Қ А Б Ы Л Д А Н Д Ы

Қ о л ы _____

Қабылданған күні 199__ жылғы " ____ " _____

№ _____ 2 _____ Қ О С Ы М Ш А

К о м и с с и я _____ т е р а ғ а с ы ,

А л м а т ы _____ қ а л а с ы

э к і м і н і ң _____ о р ы н б а с а р ы ,

Қ.Е.Жаңбыршин мырзаға _____

дан

(жеке кәсіпкердің т.е.э.е.)

ӨТІНІМ

(ж о б а н ы ң а т а л у ы)

_____ жоба бойынша шағын шағын

кәсіпкерлікке байланысты қызметті жүзеге асыру үшін _____

_____ ақша

каражаттарының есебінен _____ айлық

мерзімге (_____) проценттік үстеме бойынша

_____ (_____)
теңге мөлшерінде жеңілдікті несиелік қаржысын беру мүмкіндігін қарау үшін
қабылдауыңызды өтінемін.

Жоба (бизнес-жоспар) бойынша техника-экономикалық негіздеме қоса
б е р і л е д і .

Мәлімдеуші несиелік жөніндегі барлық комиссиялық, сақтандыру және басқа да
сомаларды төлеуге міндеттенеді.

Мәлімдеуші туралы мәліметтер:

Мекенжайы: _____

Телефоны/факсы _____

Паспорттың мәліметтері _____

Өтініш берген күні 199 ____ жылғы " ____ " _____

Ж е к е

кәсіпкер _____ (_____)

(қ о л ы)

(т . е . э . е .)

_____ Қ А Б Ы Л Д А Н Д Ы

Қ о л ы _____

Қабылданған күні 199 ____ жылғы " ____ " _____